5. Пән олимпиадаларына дайындық жұмыстары пән мұғалімдері тарапынан жалғастырылсын.

6. ТЖБ, МОДО-ға дайындық шаралары күшейтілсін, дайындық барысын қадағалау директордың оқу ісінің орынбасары Ә.С. Жакееваға жүктелсін

Мектеп директоры: [signature] /А.Қ. Махамбетов/
Педагогикалық кеңес хатшысы: [signature] /А.А. Иманғазина/

№5 хаттама

Мұғалжар ауданының білім бөліміне қарасты „Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі" КММ 2024-2025 оқу жылының 3 желтоқсандағы кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Барлығы - 31
Қатысқаны - 27
Қатыспағаны - 4 /бала күтіміне байланысты демалыста/

Күн тәртібінде:

1. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А.Қ. Махамбетовтың сөзі тыңдалды: ҚР кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, ҚР-ның „Білім туралы" Заңын (бұдан) және „Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" ҚР Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып ҚР Оқу-ағарту Министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2024 жылғы 25.11-02.12 аралығында „Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің „Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.



Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша „Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының 1-4 қосымшасы талаптарына сәйкес келмейді.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ә.С. Жакеева кемшіліктер мен ескертулер туралы сөз алды;

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 2024-2025 оқу жылындағы педагогтер туралы 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымы ұсынған мәліметте мектепалды тобы педагогы Г.Г. Абдукалыкованың медициналық тексеруден өткендігі туралы мәлімет ұсынылмаған;

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 11.1 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 2024-2025 оқу жылында мектепалды сыныбына жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып талапқа сәйкес жасақталмаған;

3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 12.10 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына 7-қосымша ұсынылмаған. Екі педагогтің біліктілік арттыру курсынан өткеніне үш жылдан асып кеткен /Агзбергенова М.Е., Абдукалыков С.А./; Басшы орынбасарлары /Жакеева Ә.С., Нарикова Э.Т./ кадрларының басқару саласы бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткені туралы мәлімет берілмеген;

4. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 14.2 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 2024-2025 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды

жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық
бағалау талаптары сақталмаған.

Ұсыныстар:

1. Мектепалды сыныбына жас топтары балалардың күн тізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып жасақтау шараларын алу, жұмыстану, мәліметін ұсыну (Әдістемелік ұсынымның 3-қосымшасы);

2. 1-4-сынып оқушыларының жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтар және су бұрқақтар туралы мәлімет ұсыну;

3. Педагогтердің (Әзбергенова М.Е., Абдикаликов С.А.) мерзімді біліктілік арттыру курсынан уақытылы өтуін қамтамасыз ету, шарасын алу, мәліметін ұсыну;

4. Басшы кадрларының біліктілігін арттыру курсынан өткені туралы мәліметті ұсыну;

5. „Орта, техникалық және кәсіптік (орта біліммен кейінгі) білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, олардың аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарау, 3-тармаға, 2-тарау, 9-тармағы талабына сәйкестендіру шараларын алу, жұмыстану, мәліметін ұсыну

№5 педагогикалық кеңес қаулысы:

1. МАД тобының тәрбиешісі Г.Г. Абдыкаликованың медициналық тексеруден өткендегі туралы толық мәлімет көрсетілсін.

2. МАД тәрбиеленушілерінің жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу кабинеті талапқа сай жасақталсын.

3. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Жакееваға, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Г. Нарекова, АӘД және технология пәндерінің мұғалімі С.А. Абдикаликовқа мұндай түрде біліктілік арттыру курсынан өту міндеттелсін.

4. 2024-2025 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары алдыңғы уақыттарда ескерілсін.

5. 1-4-сынып оқушыларының оқу кабинеттері жеке пайдалануға арналған шкафтармен жабдықталсын.

6. Оқушыларға арналған таза су бұрқағы орнатылсын.

7. Мемлекеттік аттестаттау барысында 4, 9-сыныптардан сынақ алуда өте жақсы нәтиже көрсеткен 4-сынып жетекшісі С.Қ. Алимова марапатқа ұсынылсын.

8. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы нәтижесінде көрсетілген өрескел кемшіліктер бойынша төмендей қызметкерлер мен пән мұғалімдеріне тәртіптік жаза берілсін:

а) Басшы орынбасарлары Г.С. Жакеева мен Э.Г. Нарекова басшы кадрларының басқару саласы бойынша біліктілік арттыру курсынан өтпегені үшін қатаң сөгіс берілсін;

ә) Біліктілік арттыру курсынан өткеніне 3 жылдан асып кеткен алғашқы әскери дайындық және технология пәндерінің мұғалімі С.А. Абдикаликовке қатаң сөгіс берілсін.

б) „Орта, техникалық және кәсіптік, орта біліммен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауда өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарау, 3-тармаға, 2-тарау, 9-тармағы талабына сәйкес келмеуіне байланысты төмендегі тізімде көрсетілген мұғалімдерге қатаң сөгіс берілсін:

М.Ж. Дилыханов - информатика пәнінің мұғалімі;
М.А. Батиева - тарих және құқық пәндерінің мұғалімі;
А.А. Имангазина - қазақ тілі мен әдеб. пәндерінің мұғалімі;
Г.Ш. Ахметова - бастауыш сынып мұғалімі;
Н.Д. Санбаев - дене шынықтыру пәнінің мұғалімі;
С.К. Нусурманова - музыка пәнінің мұғалімі

Мектеп директоры: [signature] /А.Қ. Махамбетов/
Педагогикалық кеңес хатшысы: [signature] /А.А. Имангазина/

«Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
№5 хаттамасының көшірмесі

03.12.2024 жыл

Барлығы – 31
Қатысқаны – 27
Қатыспағаны – 4 (декреттік демалыста)

Күн тәртібінде:

1. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры А.К.Махамбетов «Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің қорытындысы» бойынша «Ақтөбе қаласының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің 2024 жылдың 25.11-02.12 аралығында жүргізілген аттестация қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерге тоқталды. Кеткен кемшіліктердің бірі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2- тарау, 3- тармағы, 2- тарау, 9- тармағындағы талаптарына сәйкес келмеуінің себебі екенін атап өтті.
Директордың оқу-ісі орынбасары Г.С.Жакеева сөз алды.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2- тарау, 13- тармағында ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейтіндігі және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2- тарау, 3- тармағы білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылатындығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіді. Электронды журналды толтыру кезінде аталған тармақтарды басшылыққа алу керектігі ескертілді.

Шешім:

2. Журнал толтыру барысында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы басшылыққа алынсын.

Мектеп директоры: А.К.Махамбетов

Хатшы: А.А.Имангазина

Сканировано с CamScanner